



Қазақстан Республикасы Ғылым және
жоғары білім министрлігі
Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ

БЕКІТЕМІН:

ГББ деканы:

_____ Сарсембаева А.А.
_____ 2022 ж.

ӘДЕБИ – ТАНЫМДЫҚ АБАЙ КЛУБЫНЫҢ

ЕРЕЖЕ

Әдеби – танымдық «Абай» клубының ұраны:
«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда
толық боласың елден бөлек»

Абай (17 – қара сөзі)

1. Жалпы ереже

1.1 Жалпы ережелер

Әдеби-танымдық «Абай» клубы – (бұдан әрі клуб) 01.09.18 жылы ұйымдастырылды

1.2 Шығармашылықпен айналысатын студенттердің ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру; Абай мұрасын насихаттау, келешек ұрпаққа жеткізу, алған білім мен дағдыларын әртүрлі жағдаяттарда қолдана алуға тәрбиелеу; жаңа қазақстандық патриотизмді нығайту, ұлттық интеллигенцияның жалпыұлттық көзқарастық құндылықтарын қалыптастыру

1.3 Клуб, Өскемен қ. Серікбаев к-сі, 19 мекенжайында орналасқан Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ГББ факультетінің Қазақ және орыс тілдері кафедрасына қарасты жұмыс істейді.

1.4 Клуб қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі ережелері мен нормативтік - әдістемелік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

1.5 Клубтың барлық жұмысы клуб мүшелері мен клубтың басқару органының бастамасымен жүзеге асырылады.

1.6 Клубтың өз атауы, эмблемасы бар.

2. Мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мақсаттары:

Абай мұрасын оқыту арқылы шығармашылықпен айналысатын студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; өз ойларын, пікірлерін еркін айта білуге тәрбиелеу

2.2 Міндеттері:

Абай шығармашылығын ата мұрамыз ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгерту

3. Жұмыс тәртібі

3.1. Клуб мүшелері жетекшімен бірлесе отырып жылдық жұмыс жоспарын әзірлейді, ол барлық клуб мүшелерімен мүдделі тұлғалардың назарына

жеткізіледі.

- 3.2. Жұмыс жоспары ГББ факультетінің жұмыс жоспары негізінде құрылады
 - 3.3 Клубтың негізгі бағыттары: студенттерді білім мен ғылымға, ұлттық тәрбиені, мәдениеттің құндылықтарын насихаттауға бағытталған мәдени шараларды, әдеби-шығармашылық отырыстар, семинар, тренингтерді ұйымдастыру; өзге жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас орнату арқылы тәжірибе алмасу бағыттарында online, offline форматында ашық дөңгелек үстелдер өткізу;
 - 3.4 Өткізілетін және өткен шаралар туралы ақпарат университеттің әлеуметтік желілерінде жарияланады
 - 3.5 Клуб отырыстары айына бір рет - клуб мүшелерінің ауызша келісімі бойынша өткізіледі. Клуб отырыстарының күндерін клубтың барлық (көпшілік) мүшелерінің келу мүмкіндіктерін ескере отырып, клуб жетекшісі бекітеді.
 - 3.6 Клубтың жұмысы қала мен облыстың ұйымдарымен өзара байланысты нығайту мақсатын көздейді.
- 4. Клубтың негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін клубтың және клуб мүшелерінің құқықтары:**
- 4.1 Әдеби-шығармашылық отырыстар, семинар, тренингтерді ұйымдастыру барысында, өзге жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас орнату арқылы тәжірибе алмасу бағыттарында online, offline форматында ашық дөңгелек үстелдер өткізуде университет студенттерін, қалалық және облыстық мектеп оқушыларын өткізілетін іс-шараларға тарту.
 - 4.2 Клубтың қызметіне, оның ішінде жүзеге асыратын бағдарламалар мен іс-шараларға қатысуға және клуб жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 5. Клуб мүшелігі:**
- 5.1 Клубқа мүшелік ерікті негізде жүзеге асырылады;
 - 5.2 ШҚТУ-дың кез келген студенті, қалалық және облыстық мектептердің оқушылары клуб мүшелері бола алады;
 - 5.3 Клубқа мүшелік мүшелік жарналар алынбай жүзеге асырылады.
- 6. Клуб мүшелерінің міндеттері:**
- 6.1 Клубтың іс-шараларына қатысу
 - 6.2 Осы Ережеде және клубтың басқа да ішкі құжаттарында белгіленген ережелерді сақтауға;